

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы

Қатысқандар : 12

08.09.2023 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу тексерудің қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту
4. Балаларды жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту

1.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» Шолу тексерудің қорытындысына тоқталып өтті. - Біздің басты мақсатымыз балаларды толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі болып табылады. Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2020 жылғы 27 мамырдағы үшінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі ішаралар жоспарының 1-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 23 наурыздағы №137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі .Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары бекітілді. Жаңа оқу жылында жаңа стандарт талаптарын, жаңа үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда балабақшамыздың ішкі жағдайында балаларды тәрбиелеуде демек, педагогтерге ойынға басымдық беру ұсынылады. Ол үшін балалардың қызығушылықтарына сәйкес заттық-дамытушы ортаны құру және ұйымдастырылған іс-әрекетті балалардың бастамаларын, пікірлері мен тілектерін ескере отырып, оларды зеріктірмей, балалардың түрлі

әрекеттерін ұйымдастыру арқылы қызықты ойын түрінде өткізу көзделеді. Шолу тексеру нәтижелері орташа деп бағалаймын, толықтырулар қажет етеді. Аталған басымдықтарды, талаптарды ескере отырып, толықтырулар жүргізуді тапсырды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г. Темирова Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде тоқталып кетті: Балабақшаның алдына қойылған міндеттерінің бірі- тәрбиелеу-білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тартуымыз қажет. Осы екі мәселеге сүйенейік: - ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; - ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту. Балабақшада балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті іске асыруда атааналарға көмек көрсету арқылы педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату; - балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру; консультациялық кеңестің жұмысын кеңейту; Ата-аналармен жұмыста тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары түрінде өтетін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтарын пайдалану қажет деген тапсырмалар берді.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г. Темирова Тіл мерекесіне арналған апталықтың ішаралары және «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекітті және тіл мерекесіне Ересек топ бүлдіршіндерімен тілдік интеллектуалды сайыстар ұйымдастыруды тапсырды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г. Темирова жаңа 2023 – 2024 оқу жылындағы балалардың жас ерекшелігіне сай топтарға бөлу, тәрбиешілерді бекіту кестесімен таныстырды.

Ересек «Көгершін»-25 бала, 4 жасар балалар, тәрбиешісі А. Досыбаева, Б. Дилдабекова

Ортаңғы «Қарлығаш»-25 бала, 3 жасар балалар, тәрбиешілері А. Шаменова, Ж. Мырзабасиева.

Кіші жас «Балапан» тобы-20 бала, тәрбиешілері А. Акназарова, С. Сахова.

ШЕШІМ:

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттама №2

Қатысқандар : 12

17.11.2023 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар» сапасы
3. «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасының бекіту

1.ТЫҢДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде музыка жетекшісі А.Момбекова сөз алды: «Жұлдыз» ересектер тобының тәрбиешісі А.Досыбаева ұйымдастыруымен «Тіл жүйрігі» топ бүлдіршіндерімен тілдік интеллектуалды сайыстар ұйымдастырылды. Қызықты өтті. «Алтын күз» мерекесінде концерттік балалар мерекені сезінердей зал безендірілді, көкөністер мен жемістерден көрме ұйымдастырылды. Бағдарламасында әсем де , молшылық белгісі күз жылмезгіліне сай әндер, билер, сахналық қойылымдар, билер болды. Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі топтарда Жыл мезгілдеріне арналған көрменің әдемілігін, тақырыбын, мазмұнының сапасын өте жақсы деп бағалап өтті.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова топтарда «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысына баға беріп өтті: Балаларды тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту мақсатында , өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату мақсатында,еңбекке баулу мақсатында топтарда табиғат бұрышы бар. Өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі. Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту балаларға көп қуаныш сыйлайды. Ұсыныстар:бөлме гүлдерін көбейту,терезе алдындағы көшеттер отырғызу пияз, қызылша, сарымсақ егу,бақылау жасау.

3.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі

балабақшада ұлттық мерекеміз Тәуелсіздік күніне орай Ашық есік күнін өткізуді, тақырыпқа сай топ тәрбиешілері ұйымдастырылған іс-әрекеттерін, мерекелік концерттік бағдарламасын құру, көрме ұйымдастыруды әдіскер А.Сапахова тапсырды. Желтоқсанның ішінде «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу жоспарланды.

4.ТЫНДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекітті. Педагогтерге жауапкершілікпен өткізу, балаларға жағдай жасалу, қауіпсіздік туралы тапсырмалар берілді.

ШЕШІМ:

1. «Жыл мезгілдеріне арналған бұрыштар сапасы» тақырыбында өткен шолу тексеру қорытындысында берілген ұсыныстар түзетілсін.

Жауаптылар: тәрбиешілер

2. Желтоқсанның ішінде «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнін өткізу жоспарланып, ұйымдастырылсын. Жауаптылар: Әдіскер А.Сапахова, тәрбиешілер, музыка жетекшісі А.Момбекова.

3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекесіне арналған іс-шараларда қауіпсіздік ережесін сақтау. Жауаптылар: Барлық педагогтар

4. Педагогтар 2022 жылғы 23 қарашадағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының нұсқаулығымен жұмыс жүргізу, оқу тәрбие ісіне ендіру және пайдалану. Жауапты тәрбиешілер.



Кенес төрайымы:  Г.Темирова

Хатшы:



А.Сапахова

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы

Қатысқандар : 13

17.12.2023 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерін талқылау
- 3.Бастапқы мониторинг нәтижесі

1.ТЫҢДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Темирова сөз алды: Желтоқсан айында өткен «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық есік күнінде тәрбиешілер жаңа технологиялық инновацияларды қолдана отырып, соңғы 2022 жылғы 14 қазанда бекітілген үлгілік оқу бағдарламасының мақсат, міндеттеріне, мазмұнына сай ойын түрінде өткізген тәрбиеші А.Досыбаева алғысын білдірді. Музыка жетекшісі А.Момбекова концерттік бағдарламаның жинақылығы, балаларды өнерге баулып, ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеріп, ұлттық мәдениетке, патриоттық тәрбие берудегі еңбегі үшін алғыс білдіріп, марапаттады. Сонымен бірге ұжым «Жаңа жыл» ертеңгілігін талқылап, бағалап өтті. Жалпы жасыл шырша жанында ертегілер кейіпкерлері, қызықты сәттер көп болды. Балалар қуанышты, көңілді болып, ойын, билерге ықыласпен қатысып, Аяз атадан сыйлықтарын алып, мәресәре болып тарқады.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Темирова

Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Темирова сөз алды: Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау; - балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету; Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту

Бастапқы мониторинг нәтижесі жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Темирова сөз алды: Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау; -

Кезектен тыс меңгеруші жанындағы кеңестің

Хаттамасы №4

Қатысқандар: 13

12.01.2024 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Педагогтерді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымымен таныстыру.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша әдіскері А.Сапахова Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 2023жыл 10 қаңтардағы №21-12-03/3057 хатына сәйкес «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымға» сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін Excel форматында толтыру, жұмыс жүргізу туралы түсіндіріп өтті. Әр топқа жас ерекшелігіне сай арнай ашылған парақшалар бар, топ атауын, бала тізімін толтырып, үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша нәтижелер бағаналарға берілген, бір бағанаға баланың меңгеру керек нәтижесін төмен, орта, жоғары бағамен үшке бөліп көрсеткен, оны N-1, N-2, N-3 деген формуламен берген, осы үш бағананың біреуіне баланың үлгеріміне қарай 1 деген санмен белгілейміз, сонда нәтиже пайызбен соңына өзі шығады. Балабақша бойынша, Денсаулық сақтау дағдылары, Коммуникативті тілдік дағдылар, Танымдық дағдылар, Шығармашылық дағдылар, Әлеуметтік дағдылар бойынша пайызымен астыңғы жолақтарға Excel форматында есептеп шығарады деп түсіндіріп өтті.

ШЕШІМ:1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің

әдістемелік ұсынымға» сәйкес 2022-2023 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып қабілеттері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау бойынша аралық мониторинг нәтижелерін Excel форматында толтыру, жұмыс жүргізу. Жауапты: Әдіскер

А.Сапахова және тәріешілер.



Кенес төрайымы:

Г.Темирова

А.Сапахова

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 5 хаттамасы

Қатысқандар : 13

01.03.2024 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. «Асыл анам» Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту
3. «Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы» Жедел тексеру

қорытындысы

1.ТЫҢДАЛДЫ: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Г.Темирова сөз алды: Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруде балалардың жеке даралығын, қызығушылын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жалпы адами құндылықтар негізінде дамыту басты назарда болуын атап өткен болатынбыз.Күнделікті ойындарда ұлттық ойындардың элементтерін қолдану, ұлттық нақыштарды шығармашылық жұмыстарға жүйелі ендіру ,мерекеге безендіруде жалпы ұлттық салт-дәстүрге сай болуына мән беруді тапсырды.

2.ТЫҢДАЛДЫ: «Асыл анам» Наурыз мерекелерінің бағдарламасының мазмұны жөнінде музыка жетекшісі А.Момбекова түсіндіріп өтті.Топтарда аналар мен әжелерге арналған әндер,тақпақтар,ойындар мен қойылымдар жас ерекшеліктеріне қарай жоспарлануда. Дайындық жұмыстары жүргізілуде.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Тәрбиеші А.Досыбаева –Қыздарымыз бен ұлдарымыз полька биіне билейді, костюмдерді атааналармен бірлесе отырып таңдадық,сәнді кеудешелер мен юбка тігетін болдық, материалдарын алсақ, өзім әр қызға тігемін.Жеке әндеріміз де бар. Балабақша меңгерушісі Г.Темирова - «Балалар жалықпайтын болсын, қысқа би, қысқа ойындар жоспарлы түрде өткізілсін»- деп тапсырды. Балабақша әдіскері А.Сапахова балабақшадағы Ұлыстің Ұлы күні Наурыз мерекесін аулада ауданымыздың, ауылдың аналар алқасын, ақсақалдар алқасын, ауыл әкімшілігінен қонақтар шақырып кең көлемде атап өтуді ұсынды.Ұлттық бұйымдардан көрме ұйымдастырып, атааналарды салт-дәстүрімізді насихаттауға қатыстыруды, ұжымдастар мен бүлдіршіндер түгел ұлттық костюмде болсақ, ән- биімізбен, сахналаумен жандана түсер еді деп жоспарларымен таныстырп өтті.

3.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі Г.Темирова «Балалардың күн тәртібіне сәйкес таза ауада болуы» жедел тексеру қорытындысына тоқталып өтті: Балабақшада педагогтардың басты міндеттерінің бірі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, ден шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырады. Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң. Балалардың ұлтына, әлеуметтік статусына, психофизиологиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан барлығына бірдей көңіл бөлу және әділ болу керек. Жалпы күн тәртібіндегі аталған міндеттер барлық ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы іске асырылатын болады. Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі; салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимылқозғалыс, бейімделу. Жалпы жедел тексеру қорытындысы осы міндеттерге сай болуын талап етемін. Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндері балалар күн тәртібіне сай таза ауада болуы, жүйелі жұмыс жүргізілсін деп ұсыныстар берілді.

ШЕШІМ:

1. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат-міндеттерін игеруде балалардың жеке даралығын, қызығушылын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оқу тәрбие үдерісін жүргізу
2. Аналар мерекесі 6-7 наурыз күндері жоспар бойынша жауапкершілікпен атап өтілсін. Жауаптылар: Сазгер А. Талипбаева тәрбиешілер
3. Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесін аулада 17-наурыз күні ауданымыздың, ауылдың аналар алқасын, ауылдың ақсақалдар алқасының ауыл әкімшілігі мамандар қатысуымен атап өтілсін. Жауаптылар әдіскер А.Сапахова сазгер А.Момбекова тәрбиешілер
4. Жыл мезгілдерінің ауа-райы қолайлы күндері балалар күн тәртібіне сай таза ауада болуы, жүйелі жұмыс жүргізілсін. Жауаптылар: әдіскер А.Сапахова тәрбиешілер



Төрайымы:
Жатшы

Г.Темирова

А.Сапахова

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 6 хаттамасы.

26.05.2024 жыл

Қатысқандар - 12

КҮН ТӘРТІБІ

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде.
2. Аналар мерекесін ұйымдастырылған іс-шарасын талқылау.
3. Аралық мониторинг нәтижесі.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

1.ТЫҢДАЛДЫ: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Г.Темирова өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде жан-жақты тоқталып өтті. Әрбір мерекені, іс-шараларды өткендегі басты мақсатымыз ата-аналармен бірге отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылық іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, ынтасын арттыру елжандылық пен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Мырзалиева сегізінші наурыз, мерекесін талқылау мәселесіне жан - жақты талқылап өтті. Өткізілген мерекеді балалар туысқандарымен балабақша қызмекерлеріне арнап сый, әндер, билер дайындап, жақсы құтықтаулар тақпақ өлеңдерін керемет етіп орындады. «Көктем аруы» сайысында жақсы өтті. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілген. Балалармен бірге атааналарда жақсы көңіл күйде болды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР: Балабақша әдіскері А.Сапахова осындай іс-шаралар арқылы ата-аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастары дұрыс бағдарын және баланың ата-анасына, жақындарына мейіріммен сыйластығы қалыптасады. Ата – ананың баланың балабақшадағы өмірімен құрдастарымен, қарым-қатнасын байқауға мүмкіндік туады. Сол үшін бала

үшінде, ата – ана үшінде жағдай жасауға әрекет еттік. Екі мерекеде жоғарғы дәрежеде өтті. Ата –аналар балаларының қуанышын өлеңін, билерін тақпақтарын тындап, көріп қуанды және ризашылығын білдірді.


4.Төртінші мәселе бойынша қорытынды мониторинг жайында балабақша әдіскері А.Сапахова сөз сөйледі. Өз сөзінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіп, қорытынды бақылау нәтижелеріне тоқталып өтті.


5.Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова жазғы маусымға арналған іс-шараны бекіту туралы сөз қозғады. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты: балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту, балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін арттыру, көңіл күйін көтеру, іс-шараларды дрыс ұйымдастыру. Жазғы маусымға арналған іс-шара бекітілсін деп ұсыныс айтылды.

ШЕШІМ:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалуы қанағаттанарлық.
2. Сегізінші наурыз, наурыз мерекелері жақсы өтті деп бағалансын.
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мақсат – міндеттерін игеруді, жеке даму картасындағы аралық түзету шараларын меңгеру мақсатында жұмыс жүргізілсін.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шарасы бекітілсін. Жауаптылар медбике Л.Дуйсенбекова , әдіскер А.Сапахова



 Г.Темирова

 А.Сапахова

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы
меңгеруші жанындағы кезектен тыс кеңестің
№7 хаттамасы.

27.06.2024 жыл

Қатысқандар - 12

КҮН ТӘРТІБІ

1. Жетісай ауданының прокуратурасының 20.06.2024 жылғы №2-1224-03151 ұсыныс хаты талқылау.

Осы мәселе бойынша «Намира апа» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі: Г.Темирова. Жетісай ауданының прокуратурасының 20.6.2024 жылғы №2-12-24-03151 ұсыныс хатымен таныстырып өтті. Атап айтатын болсақ «Балабақшада балалардың денсаулықтарының сақталуы бағытында» балалардың қалыпты денсаулығын қалыптастыруға арналған күнделікті тамаққа қосу үшін керекті «С» витаминің берілмеуі. Екінші мәселе ас мәзірі бойынша тамақ бермеу фактілері бойынша екендігі туралы айтып өтті.

Келесі сөз шаруашылық меңгерушісі И.Зульфикаров берілді. Балабақшаға қажетті барлық заттар уақытыл жеткізіп отырғаны туралы айтып өтті.

Келесі сөз балабақша мейірбикесі Л.Дуйсенбекова берілді. Ол сөз сөзінде жұмысына ұқыпты қарай алмағандығын мойындап кешірім сұрады, алдағы уақытта бұл мәселені қайталамайтынын айтып өтті.

Келесі сөз аспазшымыз Х.Якубова апаймызға берілді. Тамақ дайындар уақытында ас мәзірі бойынша жұмыс жасауда қателесіп кеткенін айтып өтті. Келесіде жұмысымды дұрыс орындаймын деп айтып өтті.

Сөз кезегі әдіскер А.Сапахова берілді, жоғарыда жіберілген кемшіліктер бойынша жұмыс атқарушы қызметкерлерге тәртіптік шара көру керек екені туралы ұсыныс айтып өтті.

«Намира апа» бөбекжай балабақшасы

Меңгеруші жанындағы кеңестің №8 хаттамасы

Жетісай қаласы

01.07.2024 ж

Қатысқандар : 12

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
 2. Жаңа оқу жылына №1 педагогикалық кеңеске дайындық
 3. Жөндеу жұмыстары жөнінде
- 1.ТЫҢДАЛДЫ: Балабақша меңгерушісі: Г.Темирова - Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.Жаз мезгілі демалыс кезеңі. Балалардың бойлары өсіп, күнге қыздырынып, серуендерге, ойынға көбірек уақыт бөлінді. Ыстық күннің астында қалмауы қадағаланды. Серуен кезінде бас киімде болуы, қайнатылған су беріп, тазалықтарына да көңіл бөлінді. СӨЙЛЕГЕНДЕР. Медбике: Л.Дуйсенбекова. - Жалпы жаз биыл өте ыстық, аптап ыстықтар көп болды. Балалардың денсаулығына, көңіл күйіне, тазалығына мән бере отырып барлық сауықтыру, оқутәрбие іс-шаралары өткізілді. Балаларға жазда көп ойнауға, сыртта таза ауада көбірек серуендеуге көңіл болінді. Ас-суы да қадағаланып жемістер, салаттар мен тамақтану рационы толықтырылып отырылды.
- 2.ТЫҢДАЛДЫ: Жаңа оқу жылының №1 педагогикалық кеңесіне дайындық туралы әдіскер А.Сапахова тоқталды.Биылғы жылы жаңа Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты жалпы ережелері, талаптары туралы таныстырып,түсініктемелер берді. 2024-2025 оқу жылының жоспарланып отырған мақсат міндеттерімен таныстырды. Міндеттері: Баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.
- Мақсаттары: 1. Тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту

2. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін, Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру. Алдағы жаңа оқу жылында да, ұйымдасқан түрде оқу-тәрбие үдерісін жүргізуде ауызбіршілік пен жауапкершілік танытуларыңызды сұраймын деді.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Келесі жөндеу жұмыстары жөніндегі мәселеге б/б меңгерушісі Ж. Мырзалиеваға тоқталды : - Балабақшада балаларға толық жағдай жасану үшін әрине ең бірінші материалдық техникалық базасы жатады. Балабақша көлемі, алаңы сай. Дегенмен жылда ағымдағы жөндеулер жүргізілуге тиісті. Қажетті жерлерді жөндеу, сыбап, ақтап, сырлап шықтық. Дегенмен, қажетті құралдарды сынықтарын түзеп, жаңа оқу жылына дайындап, толықтыра түсуіміз қажет. Аулада, балабақша ғимаратында тазалық сақтайық. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік. Әрине бұған мед.бике және кәсіпордақ ұжымының төрайымы да жауапты. Ұжымда жөндеу жұмыстарын ұйымдастырып, тиянақты етіп атқарып та жүр. Рахметімді айтамын деді.

ШЕШІМ:

1. №1 педагогикалық кеңеске тапсырма алған педагогтар жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты: әдіскер А.Сапахова.

2. Жөндеу жұмыстары толығымен аяқталсын. Жауапты: меңгеруші:
Г.Темирова

3. Әрбір педагог өз міндетік жауапкершілікпен атқарсын. Жауапты
төрайышы:



Төрайымы:  Г.Темирова

Әдіскері:  А.Сапахова